

## **«Аққайың жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

### **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, беттік-белсенді заттарды қолданудың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы**

Мектепте оқушылар спорттық секциялармен қамтылды. Оқушылар үстел теннисі, шахмат, волейбол, футбол бойынша спорт секцияларына қатысады.

Мектепте волейболдан қыздар командасы да бар. Қыздарға арналған киім ата-аналар тарапынан демеушілік көмек есебінен сатып алынды. Аудандық спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алып жүр.

Мектепте медицина қызметкері тарапынан нашакорлық пен темекі шегуге қарсы күрес бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. Зиянды заттарды қолданудың алдын-алу бойынша тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін мектеп ата-аналарды, жоғары сынып оқушыларын, психологты, медицина қызметкерін, кітапханашыны ынтымақтастыққа тартады.

7-11 сынып оқушылары арасында мектеп психологы: "Зиянды әдеттер. олармен қалай күресуге болады?" тренинг сабағын, «жасөспірімдердің жыныстық жетілуі» тақырыбында әңгімелесу өтті. ЖИТС-тың алдын алу аясында мектеп медицина қызметкері "Сенің денсаулығың сенің қолыңда", "ЖИТС және сақтық шаралары", "Жеңіл есірткі болмайды" атты әңгімелер өткізді, оқушыларға проблемалық мәселелер бойынша брошюралар, буклеттер таратылды.

Өткізілген іс-шаралар зиянды әдеттерге теріс көзқарас қалыптастыруға және салауатты өмір салтын жүргізуге ықпал етті. Жалпы алғанда, нашакорлық пен зиянды әдеттердің алдын алу бойынша жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетті және осы бағыттағы жеткілікті жұмыс жасалынды.

Оқушылардың суицидтік көріністерінің алдын алу, дағдарыс кезінде балаларға уақытылы көмек көрсету мақсатында мектепте әлеуметтік-психологиялық қызмет жұмыс істеді.

Мектеп психологы қиын өмірлік жағдайдағы балаларды уақтылы анықтау, балалар мен жасөспірімдердің құрдастарымен, мұғалімдермен және ата-аналармен қарым-қатынасындағы мәселелерді зерттеу мақсатында сауалнама және тестілеу жүргізді. 5-11 сынып оқушылары арасында нейропсихикалық тұрақтылықты зерттеу жүргізілді. Нәтиже қанағаттанарлық, болжамы қолайлы. Мектеп психологы " Стресс. Оны жеңу әдістері", "Өмір әдемі", "Менің болашағым менің қолымда" және т. б. тақырыптарда әңгіме жүргізді.


Бастауыш сынып оқушыларымен "Менің бос уақытым", "Мен және интернет", "менің әуестігім" тақырыбында әңгімелесу жүргізілді және "Мен үшін интернет деген не?» атты сауалнама жүргізілді.

Ата-аналар қауымы үшін " Интернет балалар үшін несімен қауіпті?", "Компьютерлік тәуелділік", "Баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету", сондай-ақ баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру бойынша ұсынымдар берілді.

Мектебімізде шағын жинақталған мектерден арасында футболдан турнирлер өткізілді. Турнирге Қаратаусай, Шевченко, Байтура мектептері қатысты.

Сонымен қатар қысқы спорт түрлерінен биатлон, шаңғы жарысы және әскери-патриоттық, спорттық эстафеталар өткізілді.

Мектебімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында өткізілген шаралар жоғары дәрежеде өткізілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Әбілхаева Г.Н.